Отан қорғаушылар күні құтты болсын!

Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

6 мамыр сенбі
№36 (1943)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Биыл Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 78 жыл толады. Сұрапыл соғыс жылдарында кеудесін оққа тосқан батырларымыз қатары күн санап сиреп барады. Бүгінде аймақта Ұлы Отан соғысына қатысқан 6 ардагер бар.

БАТЫРҒА ҚҰРМЕТ – БҮГІНГІ МІНДЕТ

Отан үшін от кешкен ардагерлерді құрметтеу – бейбіт заманда дүниеге келіп, тыныш күнде тіршілік кешіп жүрген баршамыздың міндетіміз. Десе де оларға үлкен қолдау мен құрмет мемлекет тарапынан орын алуы тиіс. Бұл бағытта жыл сайын соғыс ардагерлеріне бір реттік жәрдемақы беру үрдісі қалыптасқан-ды. Дәстүрлі қолдау шарасы биыл да жалғасын таппақ.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев мереке қарсаңында ардагерлерге 1 млн 500 мың теңге көлемінде бір реттік жәрдемақы тағайындалатынын айтады. Сонымен қатар екі мыңнан астам тыл және оған теңестірілген ардагерлерге 138 мың теңге көлемінде қаржы беріледі деп жоспарлануда.

– Жыл сайын Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне әлеуметтік қолдау шаралары жүргізіледі. Биыл да бұл үрдістен жаңылмай өңіріміздің шыққан соғыс ардагерлерін құрметтеу шарасы ұйымдастырылады. Қазіргі таңда аймағымызда 6 Ұлы Отан соғысының ардагері мен оларға теңестірілген 4177 азамат бар. Оларға мемлекет тарапынан ай сайын орта есеппен 178 мың теңге зейнетақы және 55200 теңге арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленуде. Ал соғыс жылдарында қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ордендерімен және медальдарымен марапатталған 10 ардагерге 207 мың теңге көлемінде қаржылай жәрдемақы беріледі. Сонымен қатар мамыр айының 6-сы мен 10-ы аралығында ардагерлерге арналған қайырымдылық акциясын ұйымдастырамыз, – дейді басқарма басшысы Ғабит Жаңабаев.

Бүгінгі бейбіт, жайлы өміріміз үшін жауынгер ардагерлердің алдында қашанда қарыздармыз. Өкініштісі сол, жыл өткен сайын батырлардың қатары азайған. Бүгінде қалада соғыс ардагерлерінен Әбдірахман Бәйтіков пен Төлеген Жүнісов бар. Отан үшін от кешіп, болашақ ұрпағының тыныш ұйқысы үшін жанын қиған жауынгерлердің есімі мәңгілік ел есінде сақталары анық.

А.ӘЛІМ
Фото архивтен

ЕЛ ҚОРҒАУ ОҢАЙ МА?

Сурет ашық дереккөзден алынды

Бұл мекемені әскери өмірдің алғашқы баспалдағы деуге болатын шығар. Ел басына күн туса ең алдымен Отан қорғаушыларымыз алдыңғы шептен көрінетіні рас. Ал мұнда соған лайықты азаматтарды әскерге аттандырып, әскери міндеттілермен дайындық жүргізеді. Қаладағы қорғаныс істері саласының тыныс-тіршілігін білу мақсатында қалалық Қорғаныс істері жөніндегі басқарма басшысы, полковник Алмас Чункуновпен кездесіп, әңгімелескен едік.

Қайсыбір әскери мекеме болсын ішіне құпия бүгіп, сырт көзге тыныштық сыйлап тұрғандай әсер береді. Біз барған бұл ұжымның ішкі жұмысы қауырт. Көзге көрінбейтін, көпшілік біле бермейтін тіршілігі мен басқарманың жұмыс барысын мекеме басшысы Алмас Тілеуқабылұлы таныстырды.

– Жұртшылық біздің мекемені тек мерзімді әскерге шақыру, жөнелтумен ғана байланыстырады. Мұнда негізінен бірнеше бағытта жұмыс жүреді. Біріншісі – жұмылдыру ісі деп аталады. Яғни, азаматтардың соғыс жағдайына дайын болуы үшін оларды уақытылы әскери дайындықтан өткізуді қамтамасыз етеміз. Бұған бірінші кезекте әскери міндеттілер жұмылдырылады. Одан бөлек әскерге бармаған азаматтар да тартылады. Ал екінші бағытымыз – мерзімді әскерге шақыру. Көктем, күз мезгілінде жастарды Отан алдындағы борышын өтеуге шақырамыз. Бұдан бөлек, мекеменің қаржылық ахуалы мен ішкі тәртіптік жұмысы бар. Ең негізгісі – жұмылдыру ісі мен әскерге шақыру, – дейді басқарма басшысы Алмас Чункунов.

Әскери саладағы қызметкерлерге үлкен жауапкершілік артылған. Ел басына күн туса, алаң-елең шақта елдің тыныштығын сақтап, қорғанысын қамтамасыз ететін осы әскерилер. Сондықтан әскери міндетті азаматтарды жауынгерлік дайындықтан өткізудің мәні зор. Бұл – жыл сайын екі рет өткізілетін әскери жиын.

– Бұл шараға көбіне әскери міндеттілер жұмылдырылады. Әскери міндеттілерге қорғаныс, ішкі істер саласында жүрген мамандар жатады. Оның ішінде әскери борышын өтегендері бар, заң аясында әскерге барудан босатылған қызметкерлер бар. Олар жылына бір, кейде екі мәрте 1 ай көлемінде оқу-жаттығу жиынына қатысады. Жауынгерлік дайындықтан өтушілер әскери техниканы қолдануды, жүргізуді, атуды үйреніп, күндізгі және түнгі жаттығу дайындығынан өтеді. Жауынгерлік дайындықтан өткендер келесі 3 жылға дейін жиынға қатыспайды. Тек мерзімі келгенде ғана қайта даярлықтан өтеді, – дейді полковник.

Мұндай дайындықтан өтуге әсіресе, әскерге бармаған азаматтар тартылады екен. Себебі әскери өмірді көрмегендіктен жауынгерлік қабілеті шыңдалмаған, білмейтіні көп. Аса маңызды жиынға қатысушы әскери міндеттілердің жасы 18 жастан бастап әскери шеніне қарай 40-45, офицерлер 55-60 жасқа дейінгі аралықты қамтиды.

Иә, ел басына күн туған шақта алдымен жауынгерлік дайындықтан өткен әскерилер ғана қорғаныс шебіне алынады. Қарсы келген дұшпанның көзін жоюда әрбір ұтымды әдіс, тиімді тәсіл жеңіске жетелейді. Сол үшін оның қыр-сырын игеру сын шақта емес, алдын ала ұйымдастырылады.

Басқарманың тағы бір жауапты міндеті – азаматтарды мерзімді әскерге шақыру. Отан алдындағы борышын өтеу – барша ер жігіттің басты міндеті. Десек те сол міндетін атқаруға азаматтардың көбінің құлшынысы жоқ. Мұны басқарма басшысы Алмас Тілеуқабылұлы да жасырмады.

– Қазір жастар арасында әскери борышын өтегісі келетін белсенді азаматтар аз. Дегенмен Отан алдындағы борышыңды өтеу міндет. Сондықтан жыл сайын көктем-күз мезгілінде мерзімді әскерге шақырту жұмыстарын жүргіземіз. Мәселен, көктемгі әскерге шақыру шарасы бойынша 200-ден аса азамат әскерге баруы тиіс. Қазіргі таңда оның 49-ы шекара қызметінде әскери міндетін атқаруға кетті. Енді 15 мамырға дейін Қарулы күштер саласы бойынша 100-ге жуық азамат баруы тиіс. Бұдан кейін Ұлттық ұланға 80 ер жігітті жіберсек деп жоспарлап отырмыз. Көктемгі әскерге шақыру жұмысы маусым айының аяғына дейін аяқталады, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

2 БЕТТЕ

65 жылдан соң табылған жауынгер мекені

Редакциямызға бір оқырманымыз хабарласты. Өзін Жанат Әуесбай деп таныстырған оқырман Жеңіс мерекесі қарсаңында қуанышы қойнына сыймай тұрғанын жеткізді. Қуанатындай жөні бар. Себебі биылғы Жеңіс мерекесі ол үшін ерекше. Жеңіс туы желбірегеніне қанша уақыт өтсе де, соғыста қаза болған нағашы атасының бүгінде қайда жерленгенін таба алмай келген. Нағашыларының, анасының мереке сайын көңілі тыншымай, осы бір міндетті орындай алмадық деген уайымын жүзіндегі мұннан айтпай-ақ түсінетін қызы Жанат нағашы атасын іздеуге өзі кіріседі. «Сауда Орманов менің нағашы атамның ағасы, яғни ол кісі де нағашым ғой, артында із-дейтін ұрпағы болмаған соң, атамның бір аманатындай көріп, іздеуге кірістім. Оңай болған жоқ. Қолдағы бар деректерді пайдаланып, жан-жаққа хат жаздым. Цифрлы әлемнің бір кірістім. Нәтижесінде нағашы атамның ағасы жерленген жерді таптым» дейді оқырман жүрегі жарыла қуанып...

2 БЕТТЕ

4 БЕТТЕ

ЕЛ ҚОРҒАУ ОҢАЙ МА?

Бүгінде ер азаматтардың әскери борышын өтеу қоғамда өзекті мәселеге айналғаны жасырын емес. Әлеуметтік желіден әскердегі әлімжеттік туралы ақпараттарды естіп Отан алдындағы борышын өтеуге баланың барғысы, ата-ананың жібергісі жоқ. Түрлі сылтаумен әскерге барудан жалтаратындар да бар. Жуырда Сенатор Руслан Рүстемұлы әлеуметтік желіде осы мәселеге қатысты:

– Жасыратыны жоқ, бүгінгі әскер жайлы жайсыз әңгіме көп. Қалың қазақтың ортасынан шыққан соң елдегі жағдай маған белгілі. Әскерге баласын жібергісі келмейтіндер де баршылық. Осы мәселе мені көптен толғандыратын. Халық сауалына орай Сенаттың әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан әскеріне жауапты тұлғаларды шақырып, ортақ мүдде тұрғысында ашық сұхбат жасады. Кейбір мәліметтерде әскерге міндетті борышкерлердің 60 пайызы енжарлық немесе қорқақтықтан бас тартса, 30 пайызы жарамсыздық себебінен әскерге бармайды екен. Тек 10 пайызы ғана өздігінен әскерге баруға ынталы. Ойланарлық дерек! Ұлттық идеологияның кемшін тұсы жетерлік. Мемлекеттік тіл әлі де ақсап тұр. Бұдан басқа да түйінді жағдайлар кездесіп қалады. Неге әскердің беделі түсіп кетті? – деген еді.

Былтыр Тараздағы шекара застава сында орын алған оқиғалар жұрт шылықтың қорқынышын тудырғаны тағы бар. Әскердегі ахуал, мәртебесі түскен сала туралы маманның өзінен сұрағанды жөн көрдік.

– Өткен жылы болған оқиғалар қоғамды дүр сілкіндіргені рас. Бұл істің ақ-қарасы әлі ашылған жоқ. Тергеу жүргізіліп жатыр. Сондықтан онда нақты не жағдай болғанын білмеймін. Алайда айтылуы тиіс бір дүние бар. Ол жастардың әскери өмірге дайын еместігі. Өз-өзіне қол жұмсау ер жігіттің әлсіздігін көрсетеді ғой. Қазір бәрі тек телефонға телміріп отырады. Үй ішінде де ауыр жұмыс істемейді. Ата-ана да баланы алаңға салып әлпештеп отырады. Ал әскерде ондай өмір жоқ. Барлығы қатаң тәртіпке бағынады. Бұрын-соңды мұндайды көрмеген бала күйзеліске түсуі мүмкін. Соңында шыдамай ағат қадам жасауы мүмкін. Әрине, балаға қамқорлық көрсеткен дұрыс. Дегенмен ер бала тәрбиесіне баса назар аудару керек. Әсіресе әкесі тарапынан көп көңіл бөлу қажет. Тараздағы жағдайға байланысты барлық әскери бөлімді кінәлауға болмас. Біз өз тарапымыздан борышын өтеуге кеткен әрбір азаматтың ондағы жағдайын, денсаулығын, қандай да бір қажеттілігі бар-жоғын сұрастырып, хабар аламыз. Ата-аналарымен үнемі байланыстамыз. Олардың отбасына аман-есен оралуына жауаптымыз, – дейді басқарма басшысы Алмас Чункунов.

Отан алдындағы міндетінді атқару бұрын абырой болса, бүгінде қорқынышқа айналған. Сондай-ақ бұрын әскерге кеткендерден хат алудың мәні зор болса, бүгінде оның ізі де қалмапты. Ғылым мен техника дамыған заманда әскерден хат жазып, сарбаздан хат күтетіндер жоқ. Барлығы тікелей телефонмен тілдесіп, бейнеқоңырау арқылы сөйлеседі екен.

Бауыр еті баласы үшін әрбір ата-ананың алаңдайтыны заңдылық. Бір жақсысы, жастарды әскерге баруға ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан жасалған жеңілдіктер өз нәтижесін беруде. Қорғаныс істері министрлігі мен ғылым және жоғары білім министрлігінің бірлескен жобасы аясында енді әскерге барған азаматтарға жоғары оқу орнында тегін білім алуға мүмкіндік берілуде. Сондай-ақ несиесі бар әскери борышын өтеушілер үшін төлеу мерзімін 13 айға тоқтату қарастырылған. Басқарма басшысы мұндай өзгеріс енгізілгеннен кейін жастардың әскерге баруға ынтасы ашылғанын айтады. Тіпті колледж студенттері арасында оқуын бітірмейінше әскерге сұранатындар қатары көбейіпті. Ата-аналар тарапынан да қызығушылық артқан.

Әскерге бару, ондағы тәртіпке бағыну, сондағы өмірді бастан кешу емін-еркін өскен бала үшін таңсық жағдай. Жастарды әскерге баруға қызықтырудың бір жолы мектеп қабырғасындағы оқушылармен байланыс орнату. Әскери салаға қызықпайтын бала болмайтынын ескерсек, бұл ең тиімді тәсіл. Ал бұл ретте басқарма түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Оның ішінде оқушылармен кездесіп, пікір алмасудан бөлек өреннің әскери қабілетін анықтауда түрлі жарыстар жиі өткізіледі. Әскери бөлімдерге апарып, ондағы жұмыс барысымен таныстырып, баланы отансүйгіштікке тәрбиелейді.

Осы орайда қалалық Қорғаныс істері жөніндегі басқарма басшысы Алмас Тілеуқабылұлы ер азаматтың әскери борышын өтеуге 1 жыл аздық ететінін айтады. Сала маманы ретінде жауынгерлік қабілетін шыңдау, әскери техниканы игеру, әдіс-тәсілді меңгеру уақытты талап етеді. Қазіргі таңда министрлік тарапынан Отан алдындағы борышын өтеу мерзімін 2 жылға ұзарту туралы ұсыныс берілген көрінеді. Сонымен бірге ішкі істер, қорғаныс саласына мамандарды қабылдау тәртібіне өзгеріс енгізу көзделуде. Бұл салаға тек әскери борышын өтегендерді ғана қызметке алу туралы ұсыныс берілген. Бұл өз кезегінде әскери саланың сапасын арттыруға сеп болмақ.

Отан алдындағы міндетінді атқару бұрын абырой болса, бүгінде қорқынышқа айналған. Сондай-ақ бұрын әскерге кеткендерден хат алудың мәні зор болса, бүгінде оның ізі де қалмапты. Ғылым мен техника дамыған заманда әскерден хат жазып, сарбаздан хат күтетіндер жоқ. Жауынгерлер белгіленген уақыт талабымен телефонмен тілдесіп, бейнеқоңырау арқылы сөйлеседі екен.

Қалалық қорғаныс істері басқармасының басты міндеттері осы. Мекеменің бұдан бөлек ішкі тыныстіршілігі бар. Ол алдыңғы екі міндетті жүзеге асыру, орындау, реттеу, қадағалау, кезекшілік сынды жұмыстан тұрады. Сөзге жеңіл болғанымен ауыртпалығы іс барысында көрінетін жауапкершілік жүгін арқалаған мекеменің қызметі осындай.

Айдана СЕЙІЛ
Суретті түсірген **Н.НҰРЖАУБАЙ**

Басы 1-бетте

65 жылдан соң табылған жауынгер мекені

Оқырман сүйіншілеген хабарға біз де қызықтық. Бұл сырбойылық жауынгер Сауда Мәдиұлы Орманов еді. Соғыс басталған тұста 19 жасында ел қорғаймын деп соғысқа аттанған жауынгер елге қайта оралмады. Соғыс аяқталып, жеңісті жақындатқан жауынгерлер елге оралып, әрбір үйді қуанышқа бөлеп жатқан тұста жауынгер Сауданың ата-анасы күн сайын баласын күтіп, сағына жолға қарайтын. Алайда бір күні жауынгердің өзі емес, табыты келді. Бос табыт. Жауынгер Сауда Мәдиұлының соғыста жанқиярлықпен қаза тапқанын жеткізген табыт. Ішінде оқ тескен партбилеті мен батыр киген сұр шинелге тағылған орден-медалі ғана. Қандай ауыр жағдай. Сарғайған сағыныш, баласын бір көруге зар болған ата-ананың зарын жеткізу оңай емес. Жауынгер сол кезде Польшаның Драк Хутор жерінде жерленгені хабарланған еді. Кейін бұл бауырластар зираты уақыт өте келе заманға сай абаттандырылатын болып, зираттың барлығы басқа жаққа көшіріледі де, бауырларына бұл ақпарат хабарланбай қалады. Тіпті кейін қайда көшірілгені туралы ақпарат табу да қиындап кетеді. Үлкендерден естелік болып қалған осы бір оқиға мен батырдың қолда бар деректері арқылы жиен немересі Жанат жылдар бойы іздеу жұмысын тоқтатпайды.

№44 гвардиялық атқыштар дивизиясының 130-гвардиялық атқыштар полкының взвод командирі, гвардия кіші лейтенанты Сауда Мәдиұлы Орманов 19 жасында әскер қатарына алынады. 1941 жылдың желтоқсан айында Қармақшы әскери комиссариаты шақыртуымен ел қорғауға аттанып, Ақтөбе қаласында кіші командирлер училищесінен арнайы курстан өтіп, осы қалада жасақталған 101 дербес ұлттық атқыштар бригадасының құрамында болды.

Елім деген ердің Отанға деген риясыз адалдығы мен сенімі ұрыс даласынан жолданған хаттардан ерекше сезілетін. Курсанттың училищедегі дайындықпен қатар, оқуға деген қызығушылығы артқан. Тіпті, өкшелес інісі Сауранбайға жолдаған хатында оқуға қажетті әскери кітаптарды жіберуін сұраған деректер бар. Майдан хаттарының алғы көші де сол кезеңнен бастау алады.

Жауынгер 1942 жылы 9 қыркүйекте жазған хатында ұрыс даласындағы жағдай туралы жаза келе, қарт әкесі Мәди мен анасы Күлзейнепке, інілері Сауранбай, Төлепберген, Айтбайға алаң көңілін білдіреді. Әрбір хатында елдегі ағайын туыс, замандас, қарындастарының жайкүйін түгелдей сұрастырып, жүрек-жарды өлең жолдарын майдан даласының көгершініндей жолдайды. Көп ұзамай майданға аттанған Сауранбай інісіне жазған хатында: «Командир болып шық. Жастарды тәрбиеле. Неміс фашизміне қарсы соққы бер. Аға сержант, жастарды тәрбиелеуде. Ал, жаным, қасыңдағы орыс болсын, қазақ болсын жүрегіңмен сыйлас. Ол – сенің майдандас досың. Сонымен бірге командирінді қатты сыйла», – деген ағалық кеңесін жазады. Кескілескен шайқастың ортасында жүріп, ұрыс толастаған сәтте жанын шүберекке түйе отырып, елге жазылған хаттар майдангердің туған жерге деген шексіз сағынышын білдіреді. Әрбір хаттан соғыс демі мен ұрыс даласындағы азапқа толы күндер өршіл перзентті мұқата алмағанын байқаймыз.

1943 жылы сәуірде госпитальдан емделіп, шыққанын, інісі Сауранбайға жаза отырып, әзірге хат жазбауын сұрайды. Сол жылдың 23 желтоқсанындағы хатында: «Отечественная война» II степенімен наградит етті»,- деп жазады.

1943 жылы 11 тамызында 246-атқыштар дивизиясының кіші сержанты Сауда Орманов Десна өзенінен бірінші болып өтіп, 13 фашисті жер жастандырады. Екі күннен соң фашистердің жаудырған оғына қарамастан қарсы бетке жүзіп өтіп, жау шебіне снайперлік соққы бергені үшін полковник Гришко «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынады.

Майдангер 1944 жылы 23 мамырдағы хабарында ұрыс даласына бара жатқанын және №44 гвардиялық атқыштар дивизиясының 130-гвардиялық атқыштар полкының құрамында взвод командирі, гвардия кіші лейтенанты шенін алғанын жазады. Ал, 1944 жылы 20 маусымда Брест қаласының солтүстік-батыс жағалауындағы бірінші болып жеткенін және жеңістің жуық қалғанын тілге тиек етеді. Сауда Мәдиұлы кезекті хаттың бірінде: «Көке, алдымызда «Западный буг» тұр. Сталин басшымыз алға десе, өтіп кетуге даярмыз. Екі орденім бар. «Отечественная война» және «Красная звезда». Отан үшін соғыста Сталин жолдастың берген үш Алғысы бар», – деп марқая сүйіншілейді. Сол жылы 20 тамызда батыр қаза табады.

Бүгінгі күнге дейін қайда жерленгені белгісіз болып келген батырдың мәңгілік мекені қайда орналасқаны жиен немересі Жанаттың іздеуімен табылды. Ұлы Отан соғысының батыры Сауда Орманов Польша жеріндегі Драк хуторындағы бауырластар зиратының жаңа мекен жайын республикалық «Қызыл ай» қоғамымен байланысқа шығып тапты. Седльце қаласында қайта жерленген бауырластар зиратындағы батырдың мәңгілік мекені 241 санмен белгіленген. Құзырлы орындар арқылы батырға 1945 жылы 9-мамырда «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі берілгені зерттеу нәтижесінде анықталды.

Батырдың артында қалған ұрпақтары үшін бұл Жеңіс күні ерекше. Олар енді Польшаға аттанып, батыр аталарының рухына тағзым етпек, туған жері Жалағаш кентінде бір көшеге есімі беріледі. Сондай-ақ 241 санды мекенге батырдың аты-жөні жазылған тақтайша қою мақсатында Польша елімен келіссөздер жүргізілуде. Батырдың аты өлмейді деген осы болар.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН СОЛДАТТАР

КУРСК ҮШІН ШАЙҚАСҚАН

Ұлы Отан соғысының отты жылдары еліміз үшін де өте ауыр қасірет әкелді. Сұм соғыстан біреудің жары, біреудің жалғыз ұлы, тағы біреудің әкесі қайта оралмай, ұрыс даласында мерт болды. Бүгінде елге оралып, Ұлы жеңісті туған жерде тойлап, бақытқа бөленген қанды көйлек жауынгерлерден де санаулысының ғана көзі тірі.

Соның бірі – Әбдірахман Бәйтіков. Мереке қарсаңында Отан үшін от кешкен майдангерге сәлем беріп, өткен күннің естелігін айтып беруін өтіндік.

1943 жылдың жазында болған Курск түбіндегі майдан тарихта ең қанды шайқас ретінде есте қалды. Сан мыңдаған адам оққа ұшты. Тек Курск иініндегі шайқастағы ерлігі үшін 123 қазақстандық Ұлы Отан соғысы Батыры атағына ие болды. Курск майданында қызылордалық Әбдірахман Бәйтіков те жауынгерлік міндетін абыроймен атқарып, Отан қорғауда алғы шептен көрінді.

Ұлы Отан соғысының ардагері қан майданға 18 жасында аттанды. 1942 жылы Ашхабад жеріне әскерге аттанған сарбаз алдымен офицерлер дайындайтын курстан өтеді. 1943 Курск шайқасына қатысады. Жас сарбаз майдандастарымен бірге неміс басқыншыларына қарсы шабуылға аттанады. Немістердің атқан оғы қанды жорықтағы қаруластарды баудай түсіріп ажал оғын себелеп жатты. Қадам басса жараланып, ыңырсыған дауыстар шығып жатты. Оған қарауға ешкімнің шамасы келмей жатты. Өйткені жау тұтқиылдан шабуыл жасады.

– Таң енді атып келеді айнала тып-тыныш. Жаудың қарасы көрінбейді деп бейқам жатқан тыныштығымызды тағы да жаудың шабуылы бұзды. Оқ жауып тұр. Ажалың жетсе бір өлім ғой деп, Отан үшін басымызды бәйгеге тігіп, дұшпанды тізе бүктіруді мақсат еттік. Бір кезде қаңғыған оқтың бірі менің қолыма тиді. Қан судай ағып жатыр. Жауынгерлердің қатарынан шығып, госпитальға жаттым. Сүйегім аман екен, тек тамырлары қиылып кеткен. Содан қолыма ота жасалды, – деді карт майдангер.

Қаншама қасірет пен қайғы әкелген сұм соғыс тоқтаусыз жүріп жатты. Госпитальдан шыққаннан кейін мені Новосібір қаласына жіберді. 1943 жылдың желтоқсан айында комиссияға түсірді. II топ мүгедектігін алып елге қайтарды. Ауыр жарақаттан жазылу оңайға соқпады. Ұзақ емделдім. 1944 жылы елге оралдым. Туған жерде бейбіт еңбекке араластым. Соғыс жылдары елде де өте қиын, ауыр жылдар болды. Сол тауқыметті жас кезімізде біз де көтердік. Біздің бар арманымыз жеңіске жетіп, фашистердің күлін көкке ұшыру еді. Қаруластарымыздың бірталайы сол соғыстың құрбаны болып, ажал құшты. Біздің көретін жарығымыз бар екен. Елге оралып, бейбіт еңбекке араластық.

Биыл Ұлы Жеңістің 78 жылдығын қарсы алайын деп отырмыз. Маған осындай бақ бұйырғанына Аллаға ризамын. Мамыражай өмірдің қызығын көріп жатырмыз. Ең бастысы, соғыс болмасын. Біздің көрген қиындығымызды кейінгі ұрпақ көрмесін. Ұрпақтарға бақытты өмір бұйырсын, – лейді соғыс ардагері.

БЕРЛИНГЕ ЖЕТКЕН ЖАУЫНГЕР

Сұрапыл соғыстың тарихы, Отанды қорғау үшін болған қанды шайқастарды біз кинолардан көріп, кітаптардан оқып шошып, бойымызда үрей пайда болады. Кескілескен майданның қақ ортасында жүріп, жаумен бетпе-бет келіп, жан алып, жан берскен жауынгерлердің ерліктері кейінгі ұрпақтың бойында патриоттық сезімді оятады. Бүгінде сол жеңіс солдаттарының қатары сиреп қалды. Ал біздің кейіпкеріміз – Төлеген Жүнісов жеңістің жетпіс сегізінші көктемін қарсы алғалы отырған қарт майдангер.

Төлеген Жүнісов 1923 жылы 20 желтоқсанда Тереңөзек ауданы, Жаңарық ауылында дүниеге келген. 1933 жылғы жаппай ашаршылық оны ата-анадан айырды. Осылайша балалық шағын балалар үйінде өткізуге тура келді. Бауырларымен жетімдер үйінде тәрбиеленді. Қапыда туғандарынан көз жазып қалды. Сол кезде туғанынан айырылудың қандай екенін Төлеген атаның жанының қиналғанынан-ақ түсіндік. Өмірдегі жалғыздық, бауырларына деген сағыныш, оларды бір көрсем деген арманы әлі күнге дейін ол кісінің көкірегін сыздатады. Қиналса да мойымай, алға қарай ұмтылғанымен, оған өмірдің жақсылығы оңайлықпен келе қоймады. Енді ержетіп, бауырларымды тауып қосыламын деп жүргенінде бір бүйірден келген зұлмат соғыс оны қан майданға аттандырды.

1942 жылы қаңтарда қызыл әскер қатарына қабылданып, кіші командирлер дайындайтын курста білім алады. «Дабыл қағады әйтеуір, тындырмайды. Винтовканы қалай ұстап, қалай атуды үйретті. Қалай соғысуды үйретті. 682-атқыштар полкінде Украинаны жаудан азат ету ұрысына қатыстым. Траншеяда жатып, немістің «тигр» деген 2 танкісін жарып жібердім. Жаңағы танкке гранат лақтырғанда астындағы шынжырлары түсіп, отқа оранды. Бір рет үш адам «тіл» алып келуге бардық, қалың тоғай, қолымызда таяқ, жол балшық. Балшық болғанда да аяғыңнан жабысып айырылмайтын ұйық екен. Бірбірімізді тартып зорға өттік те, жолға шығып оның арғы бетіне өттік. Немістер қайта-қайта ракетамен атып, жарық түсіріп жатыр. Немістің бір офицері келе жатыр екен. Оңтайлы сәтін күтіп, әлгі немісті қолға түсірдік. Үстімізде ақ халат. Жаңағы тұтқынға алған офицерді үшеулеп ұстап, әзер сүйрелеп, зорға жеткіздік» дейді карт майдангер.

Берлинге тіккен туды көру бақыты бұйырған майдангер соғыстан кейін бірден елге қайтпайды. Сол жерде қызметке қалады. 1946 жылы елге оралып, 1983 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін теміржол саласында жол жөндеуші болып жұмыс істеп, абыройлы еңбек етеді.

Жауынгерлік ерлігі үшін I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Германияны жеңгені үшін», «За боевые заслуги», «За отвагу», «КСРО қарулы күштеріне – 60 жыл», «КСРО қарулы күштеріне – 70 жыл» және бейбіт күндерде «Еңбек ардагері», «Астанаға – 10 жыл» медальдарымен марапатталған. Төлеген Жүнісовке «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені» ұрыс кезінде жаудың соғыс қимылына қажетті құрал-жабдықпен жасақталған және жан-жағын, алды-артын жіті қарап, бақылай алатын «Тигр» атты қос танкісін жарып жібергені үшін беріледі.

– Рейхстагқа ту тігілген сәтті әлі күнге дейін ұмытпаймын. Мұржаның түбіндегі кесектер алынып, сол жерде ту желбірегенде жүрегіміз толқып қатты қуандық. Оның әсерін сөзбен жеткізіп, айта алмаймын. Қуаныштан бәріміз бір жылап, бір күліп қоямыз. Енді соғыс болмасын. Аспанымыз ашық, еліміз аман болсын. Біз көрген дүлей соғысты ұрпағымыз көрмесін. Бейбіт күн, тыныштық болсын, – дейді Төлеген қария.

Бүгінде қарт жауынгер үш перзентінен 9 немере, 6 шөбере сүйіп, бақытты ғұмыр кешуде. Шаңырақтың шырайын кіргізіп отырған 100-ге келген қария бізді ақ батасын беріп шығарып салды.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Кітап сыйлаудың жөні бөлек

Мектеп кітапханасы қорын толықтыру, жастарды оқуға тарту мақсатында «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы өтті. Бұл рухани шара аясында М.Шоқай атындағы №187 IT мектеп лицейінің мектеп директорының ғылыми әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Сәуле Әбутәліпқызы мен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Жанна Кешабадинқызы мектеп кітапханасына көркем әдеби кітаптарды сыйға тартты.

Адамзат баласының қол жеткізген игілігінің бірі – білім қазынасы. Дана халқымыз «Батыр бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек.

Кітап біліміміздi молайтады, үлгі-өнеге мен тәрбие береді. Кітап оқу – адамға өзіндік әсер етіп, оның қалыптасуына маңызды рөл атқарады. Кітап оқу мен кітапханаларды қолдаудан оқушылар да тыс қалмады. Олар кітапхана қорын әр саладағы көркем әдебиеттермен толықтыру, жас оқырмандарға қазақ әдебиетінің кітаптарын насихаттау, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу, оқырмандарды кітап оқуға тарту мақсатында керемет кітаптарды тарту етті.

Игі бастама басқа да жанашыр жандардың тарапынан кеңінен қолдауға ие болуда. Алдағы уақытта оқушылар бос уақыттарын тиімді пайдаланып, үнемі іздену арқылы тұлғалық болмысын дамыту үшін жаңаша жетістіктерге жетелейтін көркем әдебиеттер мен ғылыми әрі танымдық кітаптарды жиі оқуды тұрақты дәстүрге айналдырса білім биігін бағындырар еді.

Жайна РАХМЕНОВА,
М. Шоқай атындағы
№187 IT мектеп-лицейінің
кітапхана меңгерушісі.

Патриот жастар жиыны

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Отан айбаты» әскери-патриоттық жастар жиыны өтті. Шараны Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды.

Жиынға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының төрағасы М.Ршауов, қалалық қорғаныс істер жөніндегі басқарма бастығы А.Чункунов және білім ордаларындағы АӘД пәні мұғалімдері мен «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері қатысты.

«Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы 2018 жылы құрылған. Бүгінде оның құрамында 11 мыңға жуық жас сарбаз бар. Өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу бағытында ұйымдастырылған шараға келушілер әскери-танымдық көрмені тамашалады. Сондай-ақ өңірдегі әскери-патриоттық бағытты дамытуға өз үлесін қосып жүрген алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдері мен «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері, облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының және «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғылысы республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының алғыс хаттарымен марапатталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Жалпыұлттық патриоттық диктант: Ана тілге құрметтің көрінісі

7 мамыр Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр Жеңіс күні мерекесі қарсаңында еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Еркін ел ұрпағы» атты жалпыұлттық патриоттық диктант жазу шарасы өтті.

Аталған шараға жеке білім ошақтары арасынан «Орда School» жеке мектебі де белсенділік танытып, мектептің 175-тен астам ұстаздары мен 1-9 сынып аралығындағы барлығы 1820 оқушы қатысты. Қуаныштысы сол, жалпыұлттық патриоттық шараға орыс сыныбының оқушылары да қатысып, ана тілге деген құрметін көрсетті.

Жалпыұлттық диктант «Еркін ел ұрпағы» тақырыбымен 141 сөзден құралды. Диктант жазу барысында оқушылар мемлекеттік тілді білу деңгейлерін анықтап, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, өз білім деңгейлерін және қаншалықты сауатты жазатындықтарын тексеруге мүмкіндік алды.

Айта кетер жайт, диктант бағаланбайды. Қатысушылардың саны мен жазу сауаттылығы қорытындыланады. Ана тілінің қолданыс аясын кеңейтудегі бұл шара осылайша жалғасын таппақ.

«Ақмешіт-ақпарат»

ИНФОРМАТИКАҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ БАСЫМ

Жаңашылдық – білім жүйесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, оқушыны заман талабына сай етіп дайындап шығару. Еліміздегі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне де айтулы реформалар мен жаңа мақсаттар әкелді. XXI ғасырда адамдар жаңа технологиялар тасқынының куәгері болды. Компьютер мен интернет, заманауи байланыс құралдарын, жаңа материалдар мен қызмет көрсетулер, түрлі ғылыми жаңалықтар, осының бәрі оқушылардың ой-өрісіне әсерін тигізді.

Заманауи ақпараттық қоғамды қалыптастырудағы жаһандық процестер адамдарға көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Алайда мұндай ақпараттық қоғам кеңістігінде қажетті білім мен бағдарлау дағдыларын меңгерген қоғам мүшелері ғана осы аталған заманауи ақпараттық саланы толық пайдалана алады. Сондықтан мектеп кезден бастап білім берудің басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпаққа информатика пәнін және оның дүниетанымдық деңгейін жан-жақты арттыруға мүмкіндік беру.

Аталған пәннің мұғалімі ретінде айтар болсам, орта мектепте информатиканы оқытудың проблемалары мен перспективалары туралы айтпас бұрын басты мәселе – оқушылардың информатиканың пән ретінде маңыздылығын, сондай-ақ саланың нақты сипаттамасын, оның мақсаттарын білуі. Информатика – бұл жалпы білім беретін пән және оған жалпы орта білім берудің ерекшеліктері мен міндеттерінен туындаған жүйелік тұрғыдан қарау керек. Сонымен қатар информатика бүкіл ақпараттық қоғамды айқындайды.

Қазіргі уақытта балалар компьютер туралы жай ғана түсінікке ие болып қана қоймай, онымен жұмыс істей білуі керек. Осы техниканы қолдана білуі қажет. Сол себептен біз сабақ барысында оқушыларға барынша пәннің маңыздылығымен қоса компьютерді тереңінен меңгеруге үйретеміз. Тіпті бұл пәнге қызығушылықпен қатысатын балалар саны артып келеді.

Иә, түсіне білген адамға информатика – бұл пәндер немесе процестер туралы емес, оларды автоматтандыру, жұмыс істеу әдістері, құралдары мен технологиялар туралы ғылым. Бұл пән оны терең зерделеуді ғана емес, сондай-ақ теориялық білімді, біліктікті және дағдыларды іс жүзінде қолдануды көздейді.

Сонымен бірге оқушылардың шығармашылық қиялын ғылыммен үйлестіріп дамытуға бағыттайтын шығармашылық қызмет түрі ретінде информатиканың алатын орны ерекше. Информатика ғылыми-педагогикалық сала ретінде қоғамның одан әрі даму процестеріне көбірек әсер етеді.

Бүгінде қоғамның жалпы әлеуетін және оның даму перспективаларын анықтайтын факторға айналды. Себебі қоғамды ақпараттандыру – қазіргі өркениеттің маңызды құрамдас бөлігі.

Аймереке ЖОЛАМАН,
Ы.Алтынсарин атындағы
№10 мектеп-лицейінің информатика
пәнінің мұғалімі

ЕЛІНЕ ЕЛЕУЛІ АЗАМАТ

Бүгін сексеннің сеңгіріне шыққан карттарымыз кезінде еңбегімен елге танылған, өздерінің жеке басының қасиеттерімен халқын тәнті еткен, еңбек еткен ортасында абыройлы болған замандастар еді. Солардың көпшілігі бүгінгі күні қатарымызда жоқ. Олардың басым көпшілігі кезінде, көзінің тірісінде еленбей, ескерілмей дүниеден өтіп кетті. Осыны ескере отырып, аудандық ардагерлер кеңесі соңғы жылдары қолдағы мүмкіндікті пайдалана отырып, жасы сексенге толған карттарымыздың өнегелі өмір жолын кейінгі ұрпаққа насихаттауды мақсат еттік. Әсіресе ұжым басқарған басшылар, ауыл шаруашылығы саласының майталмандары, мол өнім алуда жаңа технология мен өндіріс әдістерін тиімді пайдалана білген білікті мамандардың еңбегін елге таныту – ғибратты іс деп білемін. Осындай мақсатпен аудандағы Еңбек ауылынан шыққан, ауданның бірнеше шаруашылығында бас агроном болған Тоқтар Ағатаевтың, Мырзабай Ахун ауылынан шаруашылықтарда бас маман, партком хатшысы, жұмысшылар комитетінің төрағасы болған Амангелді Аруновтың мерейлі 80 жасқа толған атаулы күнін атап өтуді ұйымдастырдық. Осындай азаматтардың қатарында сыртта жүрсе де жүрегі ел деп соққан, кезінде шаруашылықтарда бас маман, шаруашылық басшысы болған, аудандық мекемелерді басқарған еліне елеулі азаматтардың бірі Тұрмағамбет Асанов та мамыр айында өмірінің айтулы белесі 80 жасқа толғалы отыр.

Тұрмағамбет Асанов ел тарихында Ұлы Отан соғысы аталып кеткен жылдарда дүниеге келген. Жалпы соғыс жылдарында дүниеге келген ұрпақтың тағдыры бір-біріне ұқсас болып келеді. Олардың сәбилік шағы соғыс жылдарында өтсе, балалық дәуірі соғыстан кейінгі оның зардабын жойып, елдің шаруашылығын қалпына келтіруге арналған қиын-қыстау кезеңмен тұстас келді. Олар кезінде тойып тамақ ішпеді, бүтін киім кимеді. Бұғанасы қатпай жатып еңбекке араласып, өмірдегі қиындықтарды көріп өсті. Заманындағы таршылық пен қиыншылықтар оларды ерте есейтті. Білім алуға құштар етті. Қинала жүріп мектеп бітіріп, жоғары білім алуға ұмтылды.

Тұрмағамбет Асанов 1943 жылы ауданымыздың Еңбек ауылында дүниеге келген. Ауылындағы орта мектепті 1959 жылы бітіріп, сол кезде Еңбек колхозы деп аталған ұжымдық шаруашылықта механизатор болып еңбек жолын бастайды. Заман талабына сай мектептен кейін екі жыл өндірісте жұмыс істеп, 1961 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың ауыл шаруашылығы институтының ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне оқуға түсіп, оны қызыл дипломмен бітіріп, ауыл шаруашылығы өндірісін механикаландыру инженер-механигі мамандығын алып шығады.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін ауданымызда жоғары білімді инженер-механиктер жоқтың қасы еді. Машина, тракторлар мен ауыл шаруашылығы техникаларын пайдалануға негізінен қатардағы практик механизаторлар, орта арнаулы білімі бар техник-механиктер басшылық жасайтын. Олар осындай біліммен инженерлік лауазымды қызмет істеп жүрген Алдаберген Бисенов, Орынбай Сарманов, Нұрмахан Ақтайлақов, Әшім Желдербаев, Камал Назарқұлов, Ким Виктор, Пак Инокентий, Ан Слава, Сағынбай Құланбаев, Сұлтанбек Алдабергенов, Шамшат Тайбасаров, Ақмахан Әбенов сияқты азаматтар еді.

Олардың ішінен жастар жағы заман талабына сай кейінірек 70-80 жылдары сырттай оқып, жоғарғы білім алды. Ал оған дейін жоғарғы білімді инженер-механиктер 60 жылдардың ортасына таман институт бітіріп келе бастады. Олардың алдыңғы легінде институт бітіргендер Ахметхан Әбішев Ақарық шаруашылығында, Тыныштықбай Ахметов сол кездегі «40-жылдық Қазақстан» колхозында бас инженер – механик болып қызмет атқара бастады. Тұрмағамбет те солардың қатарында 1966 жылы Қазақтың ауыл шаруашылығы институтын бітіріп елге келді. Өзінің жоғарғы білімді инженер дәрежесіндегі еңбек жолын ауданымыздың ірі шаруашылықтарының бірі Жаңаталап кеңшарында бас инженер болып бастады. Бұл қызметті шаруашылықта бас инженер болып қызмет атқарып, кейін сол шаруашылыққа директор болып, сол қызметте жүріп Социалистік Еңбек Ері атанған Алдаберген Бисенов ағамыздан қабылдаған еді.

Жас маман қызметке шұғыл кірісті. Тұрмағамбетке дейін шаруашылықтың инженерлік қызметін басқарған Алдекең өте ыждағатшыл, жұмыс мамандармен ақылдаса отырып, шаруашылық өндірісін жаңаша ұйымдастырып басқаруының арқасында бас аяғы бір-екі жылда табысты шаруашылықтардың қатарына қосылды. Шаруашылық басшысының, мамандарының, бөлімше басшыларының еткен еңбектері өз нәтижесін бере бастады. 1967-1973 жылдары Алдаберген Бисенов ағамыз басқарған Жаңаталап кеңшары да ауыл шаруашылығы өндірісін механикаландыру мен күрішті егумен күтіп баптаудың жаңа технологиясын игерген, өндірістің жоғарғы мәдениетіне қол жеткізген, аудандағы күріш фабрикасына айналған шаруашылықтардың бірі болды. Шаруашылық алдындағы бес жылда мемлекетке небәрі 58 мың центнер астық берсе, 1967 жылы 40,8 мың центнер, 1968 жылы 47 мың,1969 жылы 63 мың, 1970 жылы 66,3 мың центнер астық сатып, өткен бес жылмен салыстырғанда мемлекетке бес есе көп астық берді. Нәтижесінде кеңшар директоры Социалистік Еңбек Ері атанса, бөлімше басшылары, мамандар, өндіріс жетекшілері мен күрішші-механизаторлар орден, медальдармен марапатталды. Осы жылдары кеңшардың бас инженері Тұрмағанбет Асанов та Лениннің 100 жылдығына арналған «Ерен еңбегі үшін» медалімен, екі рет Мәскеудегі Халық Шаруашылығы Жетістіктері Көрмесіне (ВДНХ) қатысып, осы көрме қола, күміс медалімен марапатталды.

Шаруашылықта бас инженер болып тәжірибе жинақтаған жас кадрды аудан, облыс басшылары 1973 жылы аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің басқарушысы қызметіне тағайындап, бүкіл ауданның инженерлік қызметі мен ауыл шаруашылығын материалдық-техникалық жабдықтау жұмыстарын сеніп тапсырады. Бұл қызметті екі жылдай атқарып, абырой биігінен көріне білген Тұрмағамбет 1974 жылдың қараша айында аудандағы іргелі шаруашылықтардың бірі Аққұм кеңшарына директорлық қызметке жіберіледі. Бұл қызметте де нәтижелі еңбек еткен ол 1976 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудегі табыстары үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады.

Аққұм кеңшарын тоғыз жылдай басқарған Тұрмағамбетті аудан басшылығы 1983 жылы аудан орталығындағы механизатор кадрларын дайындайтын №15 орта білім беретін кәсіптік-техникалық училищеге директорлық қызметке жібереді. Ол жауапкершілік пен іскерлік қасиеттерін бұл қызметте де көрсете білді. Ол басқарған жылдары училищенің материалдық-техникалық базасы бұрынғыдан да нығая түсті. Оқу сапасын жақсартуға, сапалы кадр дайындауға мән берді. Бұл қызметте 1986 жылға дейін істеген Тұрмағамбет отбасылық жағдайына байланысты Қызылорда қаласына қоныс аударып, Автотранспорт мекемесінде бас инженер, Қызылорда совхоз-техникумында оқытушылық қызметтерін атқарды. Қай жерде, қай салада, қандай қызмет атқарса да ол өзінің азаматтық бейнесін жоғалтқан жоқ. Өзінің іскерлігі мен жұмысқа деген жауапкершілігін бәрінен жоғары қойды. Соның арқасында Қызылорда бабындағы мәселелерді ірі-майда деп бөлмейтін, кез-келгеніне үлкен мән беріп қарайтын маман-тұғын. Бұрынғы бас инженердің осы қасиеттерін жалғастыра отырып, институтты қызыл дипломмен бітіріп іске кіріскен жас маман да машина, трактор паркін пайдаланудың жаңа озық тәжірибелерін өндіріске енгізуге кірісті.

Осы жылдары Жалағаш ауданы Қармақшы ауданынан бөлініп, дербестік алып, Н.С.Хрущевтың экономикаға жасаған қисынсыз реформаларынан зардап шеккен шаруашылықтардың жаңа бас көтере бастаған жылдары еді. Солардың қатарында Жаңаталап кеңшарында жаңа директор Алдаберген Бисеновтың кадрларды өз орнына қойып, кезде сол жақта демалыста жүрген сыйлас ағаларының бірі Жадырасын Күзеновпен Алматы қонақүйінде кездесіп қалады. Ағасын қонақүйінің мейрамханасына шақырып сыйлайды. Отырыста бір сөздің реті келгенде Тұрмағамбет:

– Жәке, сіз осы білесіз бе, мен сізге аға болып келем, сізден үлкенмін, – дейді.

– Қалай үлкен боласың, сен, қайда, маған қарағанда баласың ғой,– дейді Жәкең таң тамаша болып.

– Қазір сенбесеңіз төлқұжатымды көрсетейін, – деп қалтасынан алған төлқұжаттың суреті жоқ бетін ашып, аты жөні жазылған жерін саусағымен басып тұрып, туған жылы 1932 жыл деген жазуды көрсетеді. Оны көрген Жәкең не дерін білмей, сенбеске амалы қалмайды. Сөйтіп, ағасына бір жас үлкен екендігін мойындатады.

Сөйтсе, Тұрмағамбет қонақүйіне орналастыру үшін іссапарға өзімен бірге барған аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің бас инженері Ан Славаның төлқұжатын көрсеткен екен. Демалыстан келген Жәкең осы оқиғаны айтып күлдіргені бар-тын.

Тұрмағамбеттің оны зейнетке шыққаннан кейін тағы бір қырын танытты. Ол шығармашылықпен де айналысты. Бейнеттің зейнетін көрген жылдары өзінің өмір жолынан, замандастары мен қызметтестері туралы естеліктер, Жетірудың бір баласы Керейттің шежіре-тарихынан небәрі тоғыз кітап жазып баспадан шығарса, атақты Нысанбай жырау туралы шығармаға редакторлық етіп, үлкен еңбек етті.

«Қосағыңмен қоса ағар», деген халқымыздың даналық сөзі бар. Асылы, осы сөз Тұрмағамбеттің отбасына арналғандай. 1966 жылы бас қосқан, өмір жолындағы тірегі, аяулы жары Күләш та Тұрмағамбетпен бірге 80 жасқа толған мерейлі мерекесін атап өтпекші. Күләш та барлық саналы ғұмырын бала тәрбиесіне, оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруге арнаған білікті ұстаз. Бұл саладағы көп жылғы нәтижелі еңбегі үшін «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі» атанған ардагер ұстаз, «Күміс алқа» орденінің иегері.

Тұрмағамбет пен Күләш 57 жыл бойы өмірдің сан қилы өткелдерінен қол ұстасып, бірге өтіп келеді. 1966 жылы шаңырақ көтерген жас отау иелері бүгінгі күні тамыры тереңге кеткен, жапырағы жайқалған алып бәйтеректей болып отыр. Екеуінен дүниеге келген төрт қыз, екі ұлдан тараған немере-шөберелер өсіп, үлкен әулетке айналды. Олардың егеменді еліміздің белді азаматтары боларына күмәніміз жоқ. Қосағымен қоса ағарды деген осы болар.

Бүгінде әдемі қарттыққа жетіп, 80 жасқа толған мерейлі мерекелерін атап өткелі отырған Тұрмағамбет пен Күләшті құттықтай отырып, отбастарына береке, бірлік, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Ұрпақтарының қызығын көріп, қол ұстасып, ұзақ өмір сүріңдер демекпіз.

С.ӘЛИЕВ,
Жалағаш ауданы ардагерлер
кеңесінің төрағасы, Жалағаш
ауданының құрметті азаматы,
Қызылорда облысының
құрметті ардагері.

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

«Әжеңіз керек емес пе, маған беріңіз...»

Қазақ «қарты бар үйдің қазынасы бар» деп құрметтеген. Сондықтан кезінде қарттар үйі болмаған. Ал бүгінде қарттар үйіндегі қариялар мен көше кезіп, базар жағалап, қайыршылықпен күн кешіп жүрген үлкендеріміз қаншама... Өкінішке орай, өмірде осындай тағдырлар бар.

Ертеректе жасы алпыстан асқан қазақ қарттыққа бет бұрып, немере бағып, елге үлгі боларлық іс атқаруға тырысқан. «Ауылында қартың болса, жазылып қойған хатпен тең» деп жасы кішілер оларға құрметпен қараған. «Төріннен қарт кетпесін» деп той-томалақты батасыз бастамаған, қариялардан бата, ақыл алуға тырысқан. Бұл үрдіс қазақ арасында әлі де болғанымен сиреп барады, жаһанданудың салқыны тиіп жатқаны шындық.

Ата-әженің тәрбиесін алған балаға халықтың ықыласы ерекше. Ата мен әже мектебінен өткен ұрпақ зерек, алғыр болып, бүкіл елдің мақтанына айналған-ды. Қазақ әжесінің керемет образын қалыптастырған бірегей тұлға – Абайдай дананы тәрбиелеген Зере әже емес пе...

Мен әжемнің қызымын

«Әжесінің қызы» деген статус қандай керемет, иә...

Иә, сегіз айлығымнан ата-анам мені әжемнің бауырына салды. Содан бері әжемнің иісін иіскеп, оны құшақтап, әркез еркелеп өскен жанның бірімін. Балалық шақтағы ең бақытты сәт еді. Осы күні әжемнің өзі баптап құйған қою шайын, түнде ертегінің орнына айтатын ғибратты әңгімелерін сағындым. Мен үшін ол өте қымбат адам! Өкінішке орай әжем өмірден өтті. Бірақ оның жайдарлы жүзі, жылы алақаны, әдемі сөзі, бәрі-бәрі есімде...

Осы күні көшеде немесе қоғамдық орындарда әже мен атаны көрсем, кәдімгідей құшақтап алғым келеді. Мен мұны өзімнің асыл әжеме деген сағынышым деп білемін.

«Маған әже керек»

Негізі өзімнің әжеме деген махабаттан бастаған себебім, жақында мына хабарландыру көпті елең етпей қоймады. Хабарландыру мәтіні мынадай:

«Қарт әже керек. Жұмыстан шаршап келгенде өз туған анамдай «балам, келдің бе?» деп күлімдеп алдымнан шығатын әже болса өз қамқорлығыма аламын. Қандайда сырқаты, мейлі мүгедектігі болса да емдетіп аламын. Тек ақыл есі дұрыс болып, мені өз ұлындай көріп, үйімді өз үйіндей көрсе болды. Қараусыз қалған, жалғыз өзі үй-күйі болмай жүрген немесе қарттар үйінен орын ала алмай жүргендер болса хабарласыңыздаршы. Барлық жағдайын жасаймын. Маған әженің аялы алақаны мен айтатын ақылы, ақ батасы мен шайы керек. Дұрыс түсінулеріңізді өтінемін».

Бұл хабарландыру жақында «WhatsApp» желісіндегі топтарда тарады. Мұны жазған Ислам есімді қала тұрғыны екен. Хабарландырумен бірге өз телефон нөмірін де қалдырыпты.

Қоғамда қанша адам болса, сонша пікір айтылатыны да белгілі. Бірі «сауап үшін алғысы келген ғой» десе, енді бірі «зейнетақысы керек болған шығар» деген ойдың да болғаны жасырын емес. Анық-қанығына көз жеткізу үшін біз Исламның өзіне хабарласқанды жөн көрдік.

– Хабарландыру бергенім рас. Өзім әжемнің ұлымын. Содан да болар, бала кезден әжеге деген махаббат ерекше болды. Негізі менің әжені іздеп жүргеніме 3-4 жыл болып қалды. Арасында қарттар үйіне де барып тұрамын. Ол жақта бір атаны кезіктірдім. Танысып, сөйлесе келе, оған біртіндеп бауыр бастым. Жиі барып, жағдайын білуді әдетке айналдым. Тіпті өз отбасыма алғым келді. Яғни ендігі қалған жасында қамқорлық танытсам деп ойладым. Содан бір күні барсам, қария жоқ. Мекеме қызметкерлері немерелері алып кеткенін айтты.

«Негізі, сіздің келіп жүргеніңізді балаларына айтқан едік. Әкесіне деген қызғаныш туып, қайта алып кетті. Отбасына қосылуына сіз себеп болдыңыз» дегенді айтты. Шыны керек, қуандым, бір жағынан қимадым. Бірақ өз отбасында болатынына іштей риза болдым.

Одан кейін «Жайна» сауда үйіне жақын орналасқан көпірдің баспалдағында ақ жаулықты, жүзі жылы апа қайыр сұрап отыратын. Сол апамен де тіл табысып алдым. Арнайы барып, әңгімесін тыңдап қайтатынмын. Бір күні апаға «біздің үйге жүріңіз. Бұлай отырмаңыз. Өзім қарайын, жаңа киімдер әперейін. Маған ешнәрсе керек емес, тек сіздің әжелік мейіріміңіз қажет» дедім. «Балам, бара алмаймын. Менің өз үйім бар, бір қызым бар. Мені қайыршылықпен осылай отырғысы келеді дейсің бе? Мұның бәрі қызымның тірлігі ғой. Қосымша ақша тап деп осы жерге әкеліп тастап кетеді» деген мұңын жеткізді. Содан мен қызымен сөйлескім келген. Бірақ оған әже «өзіме кесірі тиеді» деп қарсы болды. Әрмен қарай үндемедім... Алайда сол әжені жоғалтып алдым. Артынша ол жерге қайта келмейтін болды, – деді кейіпкеріміз.

Шыны керек, біз басында Исламды жалғызбасты екен деп ойладық. Әдетте, жалғыз өзі тұратындар адамнан жылулық іздейді емес пе... Жоқ, кейіпкеріміз отбасылы, екі ұлдың әкесі екен.

– Жасым қырықта. Заңгермін. Ата-анам – педагог. Әкем қайтыс болып кетті. Ал анам інімнің қолында тұрады. Шүкір, отбасылық жағдайым жаман емес. Бірақ сонда да болса, бір үйге бір қазына керек екен. Маған әже мейірімі жетіспейді. Жұмыстан келгенде төрімде әже отырса екен деп армандаймын.

Бүгінде жастар арасында ажырасу көп. Менің ойымша, сол жастарға үйіндегі үлкендер ақыл айтып отырса, дұрыс бағыт берсе, мәселе ушықпас еді. Кейде әр отбасыға ақыл айтатын қазыналарымыз өте қажет, – деді.

– Сырттан әже әкелуге анаңыз, келіншегіңіз қалай қарайды? Олар біле ме?

– Әрине, біледі. Еш қарсылығы жоқ. Қайта қуана қарсы алады. Үлкен кісілер үйдің берекесі ғой.

– Хабарландыру бойынша хабарласып жатқандар бар ма?

– Күніне бірнеше адам хабарласады. «Менің анамды аласыз ба? Үйімізге сыймай жатыр» деп хабарласқанда жаның ауырады. Бірақ мен бала-шағасы бар жандарды алғым келіп тұрған жоқ. Өйткені мен ондай әжелерді алып келгенмен, кейін балалары келіп, алып кететінін сеземін. Ол кезде маған қиын болып қалады. Өйткені бауыр басып қаламын. Одан да балалары жоқ әжелер болса, қамқорлығыма алар едім, – деп жауап берді.

Тілші түйіні

Кейіпкеріміз айтқандай, «анамыз үйімізге сыймай жатыр. Өзіңізге аласыз ба?» деген кейбірінің сөзі біздің де жанымызға қатты батты. Тіпті көзге жас келді. Ананың тар тұрсағына барлық баласы сияды. Ал тар құрсақтан шыққандар ата-анасын үйлеріне сыйғыза алмайды. Үйге сыймайды дейтіндей, ана деген сөреде тұрған зат па еді, адамдар?...

«Ата-анаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген сөзді ата-бабамыз бекер айтпаған болар… Иә, Алладан қорқып, ата-анадан ұялатын ұрпақ көбейсе екен дейміз.

Арада бір-екі күн өткенде Ислам есімді азамат бізге тағы хабарласты. Егер ойы жүзеге асып, үйіне әже әкеліп, өз отбасының бір мүшесіндей етіп қабылдайтын болса, бізге хабарласатынын жеткізді. Демек, алдағы уақытта бұл мақаланың жалғасы болуы мүмкін…

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Отбасы бақытының сыры неде?

Ұлағатты келін алып, ұлықты ұрпақ өсіру кімнің де арманы. Жақсы әулеттің шаңырағын көтеріп, тұтінін тұтету үшін келін мен ене тату-тәтті болу керек. Ер азаматтар – түздің адамы. Үйдің берекесін кіргізіп, алтын ұяны ынтымаққа бөлейтін сол үйдегі әйел заты, яғни ене мен келін. Келісіммен, сыйластықпен жасалған тірлік отбасын бақытқа бөлеп, шаттыққа кенелтеді. Әйел үйдің шыракшысындай мейірімді, бойында адамгершілік қасиеттер молынан болса, сол үйдің дастарханынан нан, өмірлерінен сән кетпей, берекелі болады. Бақытты отбасы болу үшін ауызбіршілік, отбасы мүшелерінде адалдық және жасы үлкенге сыпайылық, жасы кішіге қамқорлық керек. Кейбір отбасыларда барлығы жеткілікті, бай болса да, оларда бір-біріне сыйластық пен кішіпейілділік жетпей жатады. Салтанатты сарайдай үй салған қалтасы қалың адамдарда бір-біріне бауырмалдық жетпей, зәулім үйге сыймай, бөлек кетіп жатады. Бұрын киіз үйде немесе тамдарда қаншама отбасы бірге тұрған. Ол күндер сағымға айналды. Ондай сәттерді тек көркем шығармалардан оқимыз. Отбасы – ынтымақ пен берекенің алтын қазығы. Өркені жайылып, өрісі кеңейіп, өз отауының сүттей ұйыған мызғымас тыныштығын сақтап жүрген отбасылар аз емес. Ұрпақ өсіріп отырған алтын құрсақты аналарымызды бен шаңырақтың айбарындай ақылы кемел аталарымызды көргенде бір маркайып қаламыз. Әулеттің бағына қарай келіндері инабатты, қыздары ибалы, бір-бірімен әзілі жарасып тұрса, сол үйдің түтіні түзу шығады. Мұндай отбасының ауызбіршілігі жарасқан тату-тәтті тірлігіне сүйсінесін.

Отбасылық өмірде проблема мен келіспеушіліктер орын алып тұруы заңдылық. Ал бұл келіспеушіліктің қайталана берунінің бірден бір себебі – ерлі-зайыптылардың ол мәселе жайлы ашық сөйлесіп, оның шешімін бірігіп таппастан, жылы жауып қоюында. Нәтижесінде арада жақтырмау, жек көру сезімі туады. Мұны шешудің жолы – келіспеушілік орын алған уақытта суытпай, рет-ретімен әр тақырыпты талдай отырып, ұрыс-керіссіз диалог түрінде өзара түсініскенге дейін жеткізу.

Ертеде бір жас жігіт отбасында қалай бақыт пен тыныштық орнатуға болатынын іздейді. Адамдар оған «Пәлен ауылда бір шал мен кемпір бар, білсе солар біледі бақытты тұрмыстың сырын, өйткені олардың ұрысқанын, бір-біріне дауыс көтергенін әлі ешкім көрген емес» дейді. Жас жігіт әлгі айтылған үйге барып, амандасып, халжағдай сұрасканнан кейін үй иесіне келген себебін айтады. Қарт кісі конакты төріне шығарады. Кемпірі дастарханға бір қауын онша піскенге Отағасы қауынға бір қарайды да, кемпіріне «Бұл қауын онша таңдап алмаса керек, жұр ұқсамайды, ауыстырып әкелесің бе?» дейді. Әйелі «Бұл да болмады, қауынды кері әкетіп, тағы бір қауын әкеледі. Күйеуі «жарайды» деп, тағы алып кетеді. тағы басқасын көрші» дейді. Әйелі «жарайды» деп, тағы бір ғана Қарт кісі келген конакка «Әйелім онша таңдай алмаса керек, жұр бірге барып таңдайық» деп екеуі бірге асүйге кіреді. Онда бір ғана қауын тұрады. Қарт кісі конакқа қарап, «Отбасы бақытының сырын түсіндің бе?» – деп сұрайды. Жас жігіт: «түсінбедім» – деп жауап береді. «Балам, үйде бір ғана қауын бар еді. Мен оны менің білетінімді әйелім де біледі. Мен қауынды алып кетіп басқасын әкел дегенімде, «жарайды» деп әкетіп, дәл соны қайта әкелді. «Ей, шал, сен алжыған бысың, үйде бір ғана қауын бар, не айтып тұрсың» демеді. Мен бір нәрсе айтқанымды орындайды. Ол шыкпайды, дереу айтқанымды істеп, онда бір нәрсе айтқанда мен де оның көңілін да бір нәрсе айтқанда мен де оның көңілін қалдырмаймын. Сол себепті ұрыс-керіс те болмайды. Отбасы бақытының сыры осы» дейді.

Бақыт, қайда барасың?
Ата-анасын сыйлаған,
Ұйымшылдық ойлаған,
Тату жанға барамын.
Бақыт, қайда барасың?
Өсірген жақсы баласын,
Сыйлаған ата-анасын,
Көргенді ұлға барамын.
Қазақ халқы үшін отбасы – касиетті ұғым, кастерлі құндылық, отбасының бірлігі, Отанның беріктігі, ағайынның татулығы – атамекеннің тұтастығы ұлттық тәрбиенің адамгершілік пен имандылықтың бастау бұлағы.
Мінеки, бақыт – береке мен ізгіліктің тұрағы, бақытты болу әр адамның мұраты.
Бақыт қонақтайтын, сенім мен сезім ұялайтын шаңырақ болайық.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

«Алпысқа келгеннен ақыл сұра»

«Әр үйде ақыл айтатын қазыналар болса» деп Ислам айтқандай, мына аңыз еріксіз еске түсті.

«Бір күні хан жасы 60-тан асқан қарияларды күтіп-бағуға кететін қаржыны үнемдеу мақсатында оларды өлтіруге жарлық шығарады. Әкесін өлтіруге қимаған баласын көріп, шал мырс етіп, «Дәл жиырма жыл бұрын осы жерде мен де әкемді өлтіріп едім. Басыма келді» деп күледі. Мұны естіген жігіт әкесін сандыққа салып, бағады.

Бір күні жорыққа аттанар кезде сандықтағы әкесін бірге алып жүруіне тура келеді. Жолда шаршаған жауынгерлер бір дарияның жағасына келіп тоқтады. Сонда мөлдір су астында жатқан гаухар тасқа ханның көзі түседі. Оны алып шығу үшін терең дарияның түбіне сүңгіген сарбаздардың бірде бірі қайтпайды. Сонда әкесі сыртта не болып жатқанын сұрайды. Баласы болған жайды, өзінің кезегі де келіп қалғанын айтады.

Сонда әкесі дарияның жағасында ағаш бар ма дейді? Баласы «иә» дейді. Сонда шал баласына «дарияның түбінен емес, ағаштың басындағы құстың ұясынан гаухар тасты табасың» дейді. Баласы дәл солай істеп, гаухар тасты әкеп береді. Хан жігіттен гаухар тастың ағаш басындағы ұяда жатқанын қайдан білгенін, неге ерте айтпағанын сұрайды. Жігіт амалсыз сандыққа тығып бағып жүрген жасы алпыстан асқан әкесінің кеңесімен тапқанын айтады. Хан риза болып, қарияларды өлтіру туралы жарлықтың күші жойылғанын жариялайды. Содан бері халық арасында «алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген нақыл сөз қалған екен.

Он үште отау құрғысы келетіндер көбейді ме?

Соңғы кезде кәмелетке толмаған қыздардың заңды некеге тұрмай, отбасын құруы қалыпты жағдайға айналып барады. Жастардың некелік өмірге жасы келмейді. Сондықтан амал жоқ, азаматтық некемен өмір сүруге мәжбүр. Үйленбейін десе, аяғы ауыр. Мешітке барып неке қидырайын десе, қазір мешіт заңды некеге тұрған жұптарды ғана қабылдайды. Азаматтық некеге тұру заңды некедегідей жауапкершілік жүктемейді. Алдын ойламай, ажырасып жатқандардың көпшілігі азаматтық некеде тұрғандар. Оған тыйым салу мүмкін болмай тұр. Сондықтан мектеп жасынан қыз баланы дұрыс тәрбиелеуіміз керек.

Қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы елімізде жас аналарға үлгі болатын көпбалалы, батыр аналарды телеарналар арқылы насихаттауды, сондай-ақ жасөспірім қыздарға болашақта үлгілі келін болуды үйрететін сабақ өткізуді ұсынған еді.

«Қыздарымызға білімді болуды, мансап қууды үйреттік. Ананың бірінші білетіні – рухани дүние болуы керек. Рух деген ол – тіл, ол – тек. Қыздарымызға жоғары сыныпта бесік жырын айтудан, күйеуін күтуден, ата-енесін күтуден сабақ өткізу керек. Қазір бәрі білімге көшіп кеткен, біліммен қоса бізге тәрбие қажет», – деді ол.

Айта кетейік, ер мен қыз баланың рухты болып жетіліп, жанды, ұлтын сүю қасиеттерді бойына сіңіруде ата-атаның еңбегі өлшеусіз. Бір қыздың намысын бір рулы ел қорғаған. Өткен тарихымызға үңілсек қыз баланы құрметтеу дәстүрі жоғары болғандығын көреміз. Әйелдер ерлерімен бірдей ел қорғау ісіне, мемлекеттік қызметке де араласқан.

Қазақ ұлты қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Араб тілінен ана тілімізге енген «қыз» сөзінің мағынасы «жібек» деген мәнге ие екендігі белгілі. Демек, әйел затының жібектей жұмсақ мінезді, биязы болуы шарт.

«Қыз баланы 13-15 жасқа толғанша өмірге дайындап, анасы білгенін үйреткен. Отбасылық өмірге ерте бейімделу, әрі ұрпағын қайраты тасыған жас уақытында өмірге икемдеу мақсатын көздейді» дейді тарихшы Құралай Сәрсембина.

Иә, шынында бірінші білімнен бұрын тәрбие өзекті. Тәлім-тәрбиесі мектептен қаланған қыз бала отбасы, ата-анасына ұят келтірмей, ар-намысын қамшылап, барынша иманды, әдепті болады. Сондықтан мектеп жасындағы тәрбиеге барынша мән беріп, кәмелетке аяқ басқан бойжеткендерге ұлағатты аналар тарапынан аналық болмысқа бағдар көрсететін сабақтар өткізілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл мәселе ұлт үшін де, ұрпақ үшін де маңызды. Себебі қыз – болашақ ана. Ұлт пен ұрпақтың тәрбиесі үшін жауапты тұлға.

Газеттің келесі саны 11 мамыр, бейсенбі күні шығады

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3059 Тапсырыс №715

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ